



## Linguistic And Historical Bases Of Professional Dictionary Кәсіби Лексиканың Этнолингвистикалық Тарихи Негіздері

Mayra ESIMBOLOVA

Prof. Dr., Narxoz University, Kazakhstan

### АННОТАЦИЯ

Талай ғасырлар бойында жинақталып, өрбіп, өсіп келген сөздік құрамның арнасы да, аумағы да ұшан теңіз. Сөздік құрам тілдегі мыңдаған, сан алуан сөздерді қамтып, бірнеше салалардан, лексикалық қат-қабаттардан құралған. Сөздік құрамға негізгі сөздік қордағы байырғы сөздермен бірге туынды сөздердің, жаңадан пайда болған сөздердің басым көпшілігі, сондай-ақ арнаулы терминдер, белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың түріне байланысты сөздер (профессионалдық лексика) енеді. Бұдан басқа қазақ лексикасында басқа тілдерден енген көптеген сөздер (араб, парсы, иран, монғол, орыс тілінен), тарихи қат-қабаттар да бар.

**Ключевые слова:** Лингвистикалық, тарихи негіздер

### ABSTRACT

It has been accumulated over the centuries and has grown into a growing vocabulary of vocabulary. The vocabulary contains thousands of different words in the language, and consists of several spheres, lexical strings. The dictionary includes key words in the main vocabulary, along with the most common words, derivative words, and special terms, vocabulary, and vocabulary related to the type of business (professional vocabulary). Besides, many lexicon (Arabic, Persian, Iranian, Mongolian, Russian) and historical rows are included in the Kazakh lexicon.

**Key words:** Linguistic, Historical Bases

Талай ғасырлар бойында жинақталып, өрбіп, өсіп келген сөздік құрамның арнасы да, аумағы да ұшан теңіз. Сөздік құрам тілдегі мыңдаған, сан алуан сөздерді қамтып, бірнеше салалардан, лексикалық қат-қабаттардан құралған. Сөздік құрамға негізгі сөздік қордағы байырғы сөздермен бірге туынды сөздердің, жаңадан пайда болған сөздердің басым көпшілігі, сондай-ақ арнаулы терминдер, белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың түріне байланысты сөздер (профессионалдық лексика) енеді. Бұдан басқа қазақ лексикасында басқа тілдерден енген көптеген сөздер (араб, парсы, иран, монғол, орыс тілінен), тарихи қат-қабаттар да бар.

V-VIII ғасырлардың ескерткіші Орхон – Енисей жазу нұсқаларында *күн, түн, ұлығ, көк, боз, бар, алтын, күміс, кісі, темір* деген сөздер кейбір дыбыстық ерекшеліктерін ескермегенде, осы күнгі мағыналары кездеседі.

Негізгі сөздік қор туралы мәселе XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында өмір сүрген лингвист Рasmus Раскінің еңбектерінен басталып, қазіргі заманғы лингвистердің еңбектерінде сөз болып келеді. Мысалы, Р. Раск «Тілдің негізін жасайтын өте –мөте мәнді, материалды, қажетті және алғашқы сөздер»<sup>1</sup> жайында жазған болатын. Бұл мәселеге совет тіл білімінде Л.П.Якубинский<sup>2</sup> мен В.И.Абаев<sup>3</sup> сияқты лингвистер де тоқталған.

Сөз байлығы - лексика қарастыратын негізгі және күрделі единица. Тілдің сөз байлығына тұрақты тіркестер де жатады. Бұлар замандар бойы біртіндеп туып қалыптасқан, ұзақ дамудың жемісі. Тілдің қаншалықты дамып жетілгендігі, сөздік құрамдағы сөздердің санымен де,

<sup>1</sup> Раск Р. Исследования в области древнесеверного языка или происхождения исландского языка («История языкознания XXI и XX веков в очерках и извлечениях») хрестоматия, часть I, стр 38.

<sup>2</sup> Якубинский Л.П. Несколько замечаний о словарном заимствовании «Язык и литература». 1926, том 1, вып 1-2. стр 48.

<sup>3</sup> Абаев В.И. О взаимоотношении иранского и кавказского элементы в осетинского языка. стр 48.

мәнімен де (көп мағыналығымен) өлшенеді. Сөздік құрам неғұрлым бай болса, тілде сонша дамыған болады. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады.

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу төркінін, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылымды бір сөзбен лексикология дейді. Лексикология сөздерді тілдің, қазіргі тілдердің даму тұрғысынан да, сонымен бірге өткен тарихымен тығыз байланыстыра отырып та зерттейді.

Қазақ сөздері сан жағынан көп, сан- салалы болғанымен, бұлардың жасалуы мен шығу тегі, мағыналары мен қолданылуы, даму қарқыны белгілі белгілі бір заңдылықтарға бағынады.

Қазақ тілі лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің осы заманғы даму қалпын, сөздердің экспрессивті-стилистикалық мәнін, қолдану аясын тексереді.

Тарихта лексикология – жалпы тіл білімінің сүбелі де күрделі салаларының бірі. Оның зерттеу объектісі - лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, тарихи лексикология тіл тарихына сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялар мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми–теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді.

Тарихи лексикологияның зерттеу объектісі дегенде екі түрлі жағдайды ескергеніміз жөн. Біріншіден, ол алдына қойған мақсатына және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты іштей сараланып, тікелей өзіне қатысты проблемаларды әр қырынан қарастыратын **этимология, семасиология, диалектология, ономасиология, этнолингвистика** сияқты тарауларды қамтиды. Екіншіден, оның тіл білімінің осы салаларында қол жеткен табыстары мен талдау әдістерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихы (этногенезін), этнос тілінің пайда болуын, халық тілінің базистік структурасын, туыс, туыстас және басқа тілдермен қарым–қатынасты әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсерін т.б. тіл фактілері мен оның заңдылықтары негізінде қарастырып, тұжырым айтуға мүмкіндігі мол. Сондықтан да тарихи лексикологияның өзіндік объектілері мен қатыстық объектілері арасында тығыз байланыс, мүдделестік бар.

Тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) қатыстығын, яғни бір-біріне әсер етіп отыратын лингвистикалық және этносқа қатысты факторларды өзара байланыстыра зерттеуші саланы тіл білімінде этнолингвистика деп атайды. Оның да өзіне тән зерттеу объектісі бар. Этнос және оның тілін біртұтас өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата-мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар.

Тілдердің дәл осындай, өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадына сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік болмаған болар еді.

Құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Атаусыз сөз жоқ. Сөз болмаған жерде атау да жоқ. Сондықтан, сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен, халық тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Адам баласы өзінің жаратылысынан белгілі қоғамда өмір сүріп келеді.

Өмір сүруге қажетті заттарды өндіруді де олар бірлесіп атқарған. Осындай бірлесіп атқарған еңбектің өзі адамзатты ойлай білуге, сөйлеуге мәжбүр еткен. Тіл адам баласының қол жеткен табыстарын сөздер арқылы көрсетеді. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер халықтың басынан өткен ұзақ сонар тарихын, оның саяси-әлеуметтік өмірін, тұрмыс-салтын, күнкөріс-

тіршілігін, мәдени-рухани өмірін, бүкіл экономикасын айнытпай айқын бейнемен бере алады. Сөз байлығында біздің барлық білген біліміміз, ойымыз, идеямыз, ұғымымыз сақталған. Қазақ халқының да көне заманнан бері қарай өзімен қоса жасасып келе жатқан бай сөздің құрамы бар. Бұлар халқымыздың басынан кешкен бүкіл өмірінің, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының нақ айнасы. Сөз байлығы ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бірден-бірге жоғалмай сақталып келеді. Белгілі бір тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сол халықтың басынан өткізген бүкіл өмір тіршілігін, жалпы өткен тарихын айнытпай дәл бейнелейтін таусылмас бай қазына, өшпес тарихи мұра екендігі даусыз. Қазақ халқының басынан кешкен көне тарихын, ақыл-ойын, тілек-мүддесін, барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, керек десеңіз, оның өзіне тән сезімі мен эмоциясын да білгіңіз келсе, осы тілдің бай лексикасын түбегейлі зерттеу арқылы көз жеткізуге болады.

Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шың мәніндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады.

Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен әдет-ғұрып, наным сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін, әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ. Сондықтан да тіл факторы ретінде кездеспейтін заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді этнос өмірінде болмаған, ал болған ретте ол бүгінде халық жадынан шығып, із-түссіз жоғалған, ұмыт болған деп қарауға болады. Этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние екендігін біз осыдан көреміз.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі этнографизмдер, кеңірек айтсақ этнографиялық лексика. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі

ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканың үлесіне тисе, тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарын этнолингвистика деректеріне сүйене отырып тарихи лексикология анықтайды.

Этнолингвистика жалпы тіл байлығын толық қамти отырып, қызығушыны этностың болмысына байланысты тілінде қалыптасып, оның қат-қабат қойнауларында сақталып келе жатқан көненің көзіндей сыры мол дүниеге тереңірек үңілуге бағдарлайды. «Тіл – тұла бойы тұнып тұрған тарих» деген сөздің мәнін сонда ғана түсінеміз.

Этнолингвистика тілімізде этнографиялық лексиканың ұшаң-теңіз байлығын қалай болса солай, кез-келген фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша мағыналық-тақырыптық топтарға бөліп, өзара жіктеп, саралап барып зерттеу керек. Олай болса әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әр түрлі саласы қамтылып, әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мағына-мәні толық ашылмаған болар еді. Сондықтан да этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастырып, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады.

Бүкіл болмысты «Табиғат», «Адам», «Қоғам» деген үлкен үш салаға бөліп қарасақ, ғылымда идеографиялық классификация бойынша анықталатын микросистемалық ұғымдардың бәрі

осы үш саланың аясына толық сияды. Кәсіпшілік кәсіптік өнердің («Зергерлік», «Кілемшілік», «Егіншілік», «Мақташылық», «Балықшылық» т.б.) барлық түрін қамтуы тиіс.

Қазақ халқының өткендегі мәдениетіне үңілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнердің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық **киіз басу, киіз үйге қажетті бау-басқұр, алаша, киім, аяққап тоқу, сырмақ сыру, тері илеу, өрім өру, тас қашау, асыл тастардан сәндік бұйымдар жасау (зергерлік өнері), қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау (ұсталық кәсіп)** т.б. қолөнерінің тамаша туындылары болып табылады. Бұлардың бірсыпырасы қазіргі гүлденген дәуірімізде де осы маңызын жойған жоқ.

Көне дәуір ескерткіштерінен түркі тектес ру-тайпалар тіліндегі киім-кешек, көрпе-төсекке байланысты сөздердің едәуірі белгілі.

**Барқыт «жібек», торку «жібек», себ «жасау», ісі «тігінші», кендір «кенеп»** т.б. Бұл халық тұрмысындағы жүн, мақта, кенеп, жібек сияқты материалдарды халық біркелкі пайдалана алмады. Жібектен, кенептен тоқылған мата мен тері тек өз қолдарынан келген өнермен қажетті бұйымдарын табиғи түрде дайындап пайдаланған. Тарихи оқиғалар кешенінде тұрмыстық үй-шаруашылығына бірен-саран болмаса, көзге түсерлік әсер ете қоймаған. Өйткені, көшіп-қонуға жеңіл киім-кешек пен көрпе-төсектер болмаса, оларды көбейтіп, жүгін ауырлатуды, «аттың жалы, түйенің қомында» жүрген халықтың жағдайы көтере бермеді. Киім-кешек, үй тұрмысына қажетті бұйымдары қолдан тоқылған, иленген, басылған жүн мен теріден даярланды. Олардың жасқа қарай түрлері, жиһаздың өрнек түстері өз ерекшеліктерімен дамып, халық шеберлерінің қолымен безендіріледі. Ою-өрнектердің аттары да көбейді. Кілем тоқу, өрнектеп алаша тоқу (терме алаша), құрақ құрау, кесте тігу, қыз жасауын түрлендіру тәрізді қолөнер кәсіптері кең таралды. Халық қашанда алға иек артып, жақсыға ұмтылып, өткеннің өтімді дәстүрлерін сақтай келіп, өмірдің эстетикалық жағына ерекше мән беріп, әдемілікке құлшынып, қолынан келгенінше оны дамытуға, барынша қамтуға әрекет етіп отырады. Сәнді киініп, дәмді тамақтану ғана емес, үйімен де көрікті болуды аңсады. Сондықтан үй бұйымдарын жасандыруға, безендіруге аса көңіл бөлді.

Кәсіби мамандыққа байланысты сөздер – жасанды сөздер емес, белгілі кәсіптің ұзақ уақыт бойы даму нәтижесінде пайда болған сөздер. Олар халықтың тілі негізінде дамып, толығып отырады. Кәсіби сөздерді қолданушы – жергілікті халық. Сол себепті олардың халықтық сипаты, қоғамдық мәні бар кәсіби сөздер ұлттық әдеби тіл лексикасының дамып, жетілуіне, толығып отыруына үлес қосады. Мәселен, тек ауылшаруашылығы саласында қазіргі кезде әдеби тілге еніп, бүкіл халықтық сипат алып кеткен кәсіби сөздер аз емес. Мысалы, дақыл, диқан, жүйек, мұрап, атыз т.б. бір кезде шағын ортада ғана белгілі кәсіптік сөздер болатын.

Қазақ тілінің өз сөздерінен термин жасауда кәсіби сөздердің зор мәні бар. Кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. Мұның өзі кәсіби сөздер мен терминдер сипатындағы жақындыққа байланысты. Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды. Ұлттық тілде олардың мағынасын дәл беретін баламалары жоқ. Мысалы, *жылым, танап, бағбан, дақыл* сөздерін басқаша атауға, басқа сөзбен ауыстыруға болмайды. Бұған қарап екеуінің арасында айырма жоқ деп қарамау керек. Ұлттық тілдегі кәсіби сөздердің бәрі бірдей ғылыми термин болып қалыптаса бермейді. Олардың ішінен тек баспасөз арқылы әдеби сөзге еніп, ғылыми ұғымдарды білдіру талабын сай келетіндері ғана термин бола алады. Терминдер ғылыми негізінде, ал кәсіби сөздер халықтық негізде әр түрлі кәсіптің дамуымен байланысты қалыптасады.

Қазақ тілінің өз сөздерінен термин жасауда кәсіби сөздердің зор мәні бар. Кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастырудың негізгі арналардың бірі болып табылады. Термин

ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздерде де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды.

Ұлттық тілде олардың мағынасын дәл беретін баламалары жоқ. Мысалы, жылым, манап, бағбан сөздерін басқаша атауға, басқа сөздерге ауыстыруға болмайды. Бұған қарай екеуінің арасында айырма жоқ деп қарамау керек.

**Кәсіби (профессионалдық) сөздер** жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып, дамуымен қалыптасады, соларға байланысты заттардың, өндіріс, еңбек құралдарының, еңбек өнімінің, процесінің атауларын білдіреді. Мұндай сөздер белгілі кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылады да, көбінесе, солардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мәселен, Арал, Каспий балықшылары тіліндегі *шола* (балықтың азаюы), *ұйық* (балықтың бір жерге шоғырлануы), *әттік* (қармақтың тілі), *тартым* (ау тартатын жер), *қоқан* (үлкен балықты тізіп байлайтын арқан) т. б. Бұл сөздерді балықпен кәсіп етпейтін басқа жердің адамдары білмейді де, түсінбейді. Діқаншылыққа байланысты оңтүстік аудандарындағы *бәдірен* (қияр), *әбінауат* (үлкен сары қауын) сөздерін әркім біле бермейді. Әрине, белгілі кәсіп, шаруашылықпен байланысты сөздердің бәрін де халыққа түсініксіз деп қарамау керек.

Кәсіби (профессионалдық) лексика көркем шығармада да жиі кездеседі. Мысалы:

- ✓ Кәне, жігіттер, -Атаман сөзін қолымен көлегейлеп, жан-жағына ұзақ қарап алды, -бір шамаға келген шығармыз, дегенмен, байқап қаралық. Екі-үш жерден үкі ойып жіберіндерші.
- ✓ Уа, **сүймен** әкеліндер. **Сүзгіні** де ала түс.
- ✓ **Богар** да керек шығар?
- ✓ Керек. **Прогон** да ала кет.

Бұл аталған балықшы құралдарының көпшілігі маған да таныс болатын. **Үкі** дегеніміз - мұзды ойып ау салатын жер. **Сүймен** дегеніміз - басы жұмыр ағашқа сапталған, екінші басы үшкір, ұзындығы құлашқа жуық, қырлы темір. Ол мұз, не тоң ою үшін қолданылады. **Богар** дегеніміз - сырыққа сапталған бір бұтақты, бір қармақты темір.

Лингвистикалық терминдер жайында жарық көрген еңбектерде «кәсіби лексика» деп белгілі бір мамандық, кәсіп көлемінде қолданылатын сөздер танылып жүр.

Қазақ тіл мамандары соңғы жылдары кәсіби лексиканы жиып, зерттеуге баса назар аудара бастады.

Кәсіби лексикаға байланысты кейбір сөздіктер де жарық көрді<sup>4</sup>. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулықтарда, ғылыми монографияларда, кәсіби лексика жайында арнайы айтыла бастады<sup>5</sup>.

Ғ. Мұсабаев Қазақ тілінің лексикасы жайлы жазған еңбектерінде<sup>6</sup> арнаулы лексика мен профессионалдық лексиканың айырмашылығын айта келе, бұларды профессионалдық және ғылыми терминологиялық лексика деп бөліп қарауды ұсынады. Профессионалдық лексикаға белгілі бір адамдар тобының қызметіне байланысты немесе бүтіндей бір ауданның шаруашылық саласындағы ерекшеліктерді білдіретін жалпы лексиканы бір бөліміндегі сөздерді жатқызады. Ондай кәсіби лексикаларға етікшілікпен, аңшылықпен, балық шаруашылығымен, ағаш жұмысына байланысты яғни белгілі кәсіппен шұғылданып жүрген адамдарға тән лексика екенін көрсетеді.

<sup>4</sup> Арзымбетов С Русско- казахский сельскохозяйственный словарь Алма-Ата, 1965, Куленов К., Куленова С. Балық шаруашылығының орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1971 ж. [3,456]

<sup>5</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы. 1975, 133-134б., Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966, 63-65б., Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1979 119-120б., Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата, 1976. [4, 456]

<sup>6</sup> Мұсабаев Ғ. Г. Современный казахский язык. Лексика. Алма-Ата 1959 с 75, Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1975, 133-б. [5,456]

Кейбір кәсіби сөздер бірнеше аудан, облыстардағы тұрғындар тілінде қолданылып, белгілі бір аймақта ғана айтылып, өзінің таралу шегі, изоглосы болады. Міне, осы іспеттес кәсіби лексиканы да терминдерден ажырата білуіміз керек. Мұндай лексикалық топтарды біреулер кәсіби лексикаға жатқызса, енді біреулер термин сөздер деп таниды. Ал Б. М. Юнусалиев мұндай лексика топтарын «диалектілік терминологиялық лексика» деп атайды да, оған туыстық атауларына байланысты сөздерді, құрылысқа, техникалық дақылдарға, бау-бақшаға байланысты терминдерді жатқызады.<sup>7</sup> Қазақ тіл мамандары кәсіби лексикаға шаруашылық, кәсіп ерекшелігімен байланысты ерекшеленетін мақта, балық шаруашылықтары, көкөніс, бау-бақша, кілем тоқу өнерімен байланысты пайда болған сөздерді жатқызады.

Егерде терминдер белгілі бір ғылым, техника саласындағы маман адамдарға ғана түсінікті болып, сол говорда сөйлейтін адамдардың бәріне бірдей түсініксіз болып келсе, кәсіби лексика, керісінше шаруашылық, кәсіп түрімен ерекшеленіп тұратын сол өңірдегі тұрғындар үшін таныс сөздер болып табылады. Олар белгілі кәсіппен шұғылданып жүрген адамдармен қатар, сондағы басқа тұрғындар үшін онша жат сөз болып табылмайды. Термин сөздер болсын немесе белгілі бір өңірде ғана қолданылатын кәсіби сөздер болсын, бұлардың қай қайсысы да барлық халыққа бірдей түсінікті бола бермейді.

Кәсіби сөздер белгілі бір аймақтың тұрғындары ғана айналысатын кәсіпке ғана байланысты сөздер болғандықтан, белгілі территориялық аймақпен шектелуі жағынан диалектизмге ұқсас болып келеді. Мұндағы бір ерекшелік диалектизм бір жерді мекендеген елдердің белгілі территориясындағы тұрғындарына үлкендерге, балаларға дейін түсінікті болса, профессионалдық лексика бір семьяның өзінде де бәріне бірдей түсінікті болмауы, олардың бәрі бірдей қолданатын сөз болмауы мүмкін.

Кәсіпке байланысты сөздердің белгілі аймақта ғана айтылатыны ескеріліп, қайсібір тұрғындар тілі жайлы мақала, монографиялық еңбектер жазылғанда, кәсіби лексика да жиналып, сол жайында диалектологтар еңбегінде айтылып та келеді. Бұның бәрі бұл лексикалық топтардың бір-біріне ұқсас жағдайларының молдығынан, әрі олардың ара жігін нақ басып бөліп айтпағанның туған жағдайлар еді. Тілімізде қолданылып жүрген кәсіби лексиканың барлығы бірдей көпшілікке танымал бола бермейді. Олардың бірқатары бұрын бір немесе бірнеше говорларда жұмсалып келді. Олардың ішінде жалпыхалықтық сипат алғандары бар. Бұндай кәсіби сөздер-шағын аумақты ғана қамтитын, таралу шегі онша көп емес, кейбір говорлар өкілдеріне ғана таныс, басқа өңірлерге тамырын кең жайып орнықтамаған сөздер. Оған мысал ретінде **жүгері / борми / көмбеқонақ** сияқты бір атаудың бірнеше варианттарын келтіруге болады.

Кәсіби сөздер әдеби тілді байыту не шұбарлау, олардың әдеби тілге қажетті – қажетсіздігі негізге алынып, соңғы кезде жарық көрген еңбектерде **прогрессивті, регрессивті** деп екіге бөлініп, қарастырылып жүр.<sup>8</sup>

**Прогрессивті диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер** әдеби тілді байыта түсетін қажетті, керекті сөздер болғанымен, қолданылу жағынан жалпыхалықтық сипат ала алмай жүрген бірақ өтуге тиісті сөздер. Бұл атаудың әдеби тілімізге кіріп орнығатын толық мүмкіндігі бар. Өйткені, прогрессивті диалектілік кәсіби сөздердің әдеби тілде ешқандай баламасы жоқ.

Қазақстан территориясында табиғат өзгешелігіне байланысты кәсіп шаруашылығының салалары да әр жерде әр түрлі. Осыған орай бұндай сөздердің таралуы да, қолданылуы да республика территориясы үшін біркелкі емес. Мақта шаруашылығы дамыған жерде **қоза** (мақта өсімдігі), **терімші** (мақта теруші) сияқты сөздер айтылады. Суармалы шаруашылығы дамыған Қазақстанның оңтүстік аудандарында арық-атыз түрлеріне байланысты атауларды

<sup>7</sup> Юнусалиев Б.М. Кыргыз диалектологиясы. Фрунзе. 1976 229-230б [6,466]

<sup>8</sup> Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата 1976, с. 167. [9,506].

молырақ кездестіреміз. Арық – атыздың ғана **энер, оман арық, жап, бау арық, жан арық, қол арық, желке арық, қолшық** тәрізді отыздан астам түрлерінің бар екені белгілі.<sup>9</sup>

Қазақстанның оңтүстік өңірінде бақша, күріш, мақта толып жатқан кәсіп дамығандықтан, әдеби тілімізді байытатын сөздер молынан кездеседі. Жүгері атауларымен байланысты қолданылып жүрген **сота (собық), саршая (күтімсіз қалған жүгері), сидамдау (жүгеріні шөптеу)**.<sup>10</sup>

Арал теңіздері мен Балхаш көлі маңында балық шаруашылығы дамығандықтан, ондағы тұрғындардың тілінде осы кәсіпке байланысты қолданылатын көптеген кәсіби сөздер бар. Жоғарыда аталған жерлерде **айнагөз, шоқыр, қаяз, құты балық, көкжан, аққайран** тәрізді балық атаулары, **балберкі, жұтпа, морда, шөктірме, абақ**.<sup>11</sup> сияқты балық шаруашылығы құрал-жабдығы мен оның бөліктеріне байланысты сөздерді көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ аңшылыққа байланысты, бүркіт салумен байланысты жергілікті жерде көптеген сөздер қолданылады. Мысалы, **шырға** (бүркітті үйрету үшін қоян не түлкі терісінен жасалған алдамшы), **балақбау / аяқбау** (қайыстан жасалған бау), **ырғақ** (жаңа ұстаған бүркітті шаршату үшін қондыруға арналған бос керілген арқан) .

Сөз жоқ, бұл топтағы сөздердің қай-қайсысы болмасын әдеби тілдің баюына қажетті сөздер.

### **Регрессивті диалектілік кәсіби лексика.**

Бұл топқа әдеби тілде баламасы бар, сол себепті әдеби тілдің лексикасына кіре алмайтын кәсіби сөздер жатады. Мысалы, әдеби тілге енгізуді қажет етпейтін, әдеби тілді шұбарламайтын сөз қатарына **бәдірең** (қияр), (чаңбыр) **шалғам, аскелді** (асқабақ) **борми** (жүгері) сияқты атаулар жатады.

### **Жалпыхалықтық сипаттағы кәсіби сөздер.**

Бұл топқа әдеби тілде норма болып қалыптасқан жалпыхалықтық сипаттағы қолданылып жүрген сөздер жатады. Олар - **мақта, жүгері, қияр, сәбіз, жүзім, дақыл, арпа, бидай, сұлы, бекіре, шортан** тәрізді сөздер. Бұлардың бірқатары халыққа кең тарап, солардың барлығына бірдей түсінікті сөздер болса, бірқатары шаруашылық кәсіби өзгешелігімен байланысты бұрын белгілі бір өңірде ғана қолданылып, кейін келе халықтық сипат алып отырған сөздер.

### **Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер.**

Бұл топқа жалпыхалықтық қолданылуынан орын ала алмай жүрген, қолданылуы жағынан кең аймақты қамтымайтын, белгілі бір өңірде ғана қолданылып, бірақ әдеби тілді байытуға аса қажетті сөздермен қатар әдеби тілде баламасы бар, сол себепті әдеби тілге кіре алмай жүрген сөздер жатады. Мұндай лексикалық топқа өзіндік ерекшелігі бар халық шаруашылығының жүзім, бау бақша, мақта балық шаруашылықтары мен ирригацияға байланысты атаулары жатады. Мұндағы атаулардың барлығы шағын аумақта қолданылып жүргендіктен, жалпыхалықтық сипат алып, көпшіліктің игілігіне айналу үшін едәуір уақытты, мерзімді керек етеді. Мысалы, қауын сорттарына байланысты **ақнабат**, (жұмсақ, тәтті қауын түрі), **гүрбүк** (шағын көлемді, қабығы қалың ала қауын), **болболды** (ерте, тез пісетін қауын), **мәлек** (кішкене қауын), **жәмбілше** (кішірек келген сары қауын) тәрізді атауларды жалпыхалықтық сипат алған әдеби тілге енген сөздер деп айта алмаймыз. Міне, сондықтан академик І.

<sup>9</sup> Нақыбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер. Қазақ диалектологиясы 1-шығы. Алматы, 1965 [10,506]

<sup>10</sup> Шамшатов А. Лексика злаковых культур в казахском языке. Автореф. дис...канд. филолог. наук. Алма-Ата, 1966. с. 6. [11,516]

<sup>11</sup> Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдық лексиканың материалдары. // Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алма-Ата, 1958. Вып. 1, // Вестник АН Каз ССР .1966.№11 Сонікі. Балхаш, Іле балықшыларының тіліндегі кейбір сөздер. // Известия АН Каз ССР . Серия общественных наук. 1966. Вып. 5, Айтазин Қ. Кейбір балық атаулары туралы // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1972, Айтазин Қ. Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Қазақ диалектологиясы. Алматы, 19657 [12,516]

Кеңесбаев кәсіби сөздер туралы жазған еңбегінде олардың «диалектілік және жалпы халықтық».<sup>12</sup>

Әрине, жүзім, балық шаруашылық салаларына байланысты қолданылып жүрген сөздердің бәрі бірдей кәсіби лексика болып саналмайды. Олардың ішінде едәуір бөліктері терминалогияға енеді. Мысалы, бау бақшаға жататын **алмұрт, бәдірең, ләблеме, анар** сөздерін жүзім сорттарын білдіретін **арканд, алиготе, кулжиника, байтур, конкрад** сияқты атаулармен қатар қоюға болмайды. Мұндағы алғашқы атаулар бау- бақша, жеміс ағаштары молырақ өсірілетін жердегі тұрғындар арасына түсінікті болып, сол өңірге кеңірек таралып, молырақ айтылады. Ал, соңғы сөздер шағын, аз ғана мамандар түсінетін, говор өкілдерінің бәрі бірдей біле бермейтін сөздер. Сондай- ақ қызылша, мақта жинайтын машиналардың бөлшектерін барлық адам бірдей біле бермейді. Сондықтан мұндай сөздер белгілі мамандықтарға қатысты болғандықтан арнаулы терминдер қатарына жатқызылып, белгілі бір аумаққа, говорға кеңірек тараған кәсіби атаулардан бөлек қарастырылады.

Кәсіби сөздердің белгілі бір өңірде айдылып, басқа жерде кездеспейтіндігі лексиканың бұл тобын кейбір зерттеушілердің диалектілік құбылыс деп тануына себеп болды.

Кәсіби сөздер әдеби тілді байыту не шұбарлау, олардың әдеби тілге қажетті- қажетсіздігін негізге алып, соңғы кезде жарық көрген еңбектерде қарастырылып жүр.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақстанның жері қандай кең , бай болса, мұндағы кәсіп пен шаруашылықтың түрі де соншалықты мол. Халқымыздың ежелден ата кәсібі болған мал мен егінді атамағанның өзінде республиканың әр өңірінде балық, мақта, қызылша, темекі, бау бақша кәсібімен айналысады. Бұдан басқа да егіншілік, тігіншілік, қолөнерлік, омарташылық сияқты көптеген ұсақ кәсіптер де бар. Осы тәрізді кәсіптерге байланысты толып жатқан сөздерді жиып, сөздіктерге енгізіп, әдеби тілімізді байытуға атсалысып , жұртшылық кәдесіне асыру жолында тіл мамандарының біраз еңбек істеуін керек етеді.

Қазақ тіл мамандары соңғы жылдары кәсіби лексиканы жиып теріп, зерттеуге баса назар аудара бастады.

Кәсіби лексика арнайы зерттеу объектісі болып, кандидаттық диссертациялар жазылып, олардың кейбіреуі жеке кітап та болып шықты.

1. Раск Р. Исследования в области древнесеверного языка или происхождение исландского языка («История языкознания XXI и XX веков в очерках и извлечениях») хрестоматия, часть I, стр 38.
2. Якубинский Л.П. Несколько замечаний о словарном заимствовании «Язык и литература». 1926, том 1, вып 1-2. стр 48.
3. Абаев В.И. О взаимоотношении иранского и кавказского элементы в осетинского языка. стр 48.
4. Арзымбетов С Русско- казахский сельскохозяйственный словарь Алма-Ата, 1965, Куленов К., Куленова С. Балық шаруашылығының орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1971 ж. [3,456]
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы. 1975, 133-134б., Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М.,Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966, 63-65б., Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы.

<sup>12</sup> Кеңесбаев С.К. К вопросу изучения профессиональной лексики // Вопросы казахского и уйгурского языкознания. Алма-Ата, 1963. С. 28.



Алматы, 1979 119-120б., Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата, 1976.[4, 45б]

6. Мұсабаев Г. Г. Современный казахский язык. Лексика. Алма-Ата 1959 с 75, Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1975, 133-б. [5,45б]
7. Юнусалиев Б.М. Қырғыз диалектологиясы. Фрунзе. 1976 229-230б [6,46б]
8. Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата 1976, с. 167. [9,50б].
9. Нақысбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер. Қазақ диалектологиясы 1-шығуы. Алматы, 1965 [10,50б]
10. Шамшатов А. Лексика злаковых культур в казахском языке. Автореф. дис...канд. филолог. наук. Алма-Ата, 1966. с. 6. [11,51б]
11. Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдық лексиканың материалдары. // Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алма-Ата, 1958. Вып. 1, // Вестник АН Каз ССР .1966.№11 Сонікі. Балхаш, Іле балықшыларының тіліндегі кейбір сөздер. // Известия АН Каз ССР . Серия общественных наук. 1966. Вып. 5, Айтазин Қ. Кейбір балық атаулары туралы // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1972, Айтазин Қ. Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965 [12,51б]
12. Кеңесбаев С.К. К вопросу изучения профессиональной лексики // Вопросы казахского и уйгурского языкознания. Алма-Ата, 1963. С. 28.